

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Журналистің қызметі қаншалықты еркін?

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.10.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/144899/>

Журналистика – билік пен халықтың арасындағы дәнекер, қос тарапты бір-бірімен байланыстырушы алтын көпір және төртінші билік ретінде танымыз. Қиындығы мен қызығы мол журналистика мамандығы әрқашан қауқарсыз халықтың панасы мен шындық жаршысы болған. Кейінгі Кеңес үкіметі кезінде журналистің бар қызметі үкіметтің сайлаған, зерттеуге, талқылауға рұқсат етілген мәселелердің төңірегінен асыпайтын. Ал қазіргі күнде егеменді елдің журналистерінің қызметі қаншалықты еркін?

Қазақстанның тәуелсіздік алғанына биыл 32 жыл. Егемендігімізді алғалы бері журналистердің де сөз бен ой бостандығы қалыптаса бастады. Бұқаралық ақпарат құралдары өз құқықтары мен заң тұрғысынан Қазақстан журналистерінің этикасы кодексімен сайланып, бүгінде өз қызметін қылуда. Оның мақсат-мұраттарына, заң ережелеріне қарай журналистердің моральдық-этикалық ерекшеліктері жайлы естісек те, ден қойып қарамаймыз. Қоғамымызда этикалық заңдылықтардың нормалары сақтала бермейді. Бұл журналистер қауымы үшін өзекті мәселе. Журналист заңдарының сақталмауы мен олардың құқықтарының қорғалмауы бізде жете зерттелмеген, талданбаған. Тіпті, бұл мәселе жөнінде атап айтатын жүрек жұтқан журналистер саусақ санарлық. Журналистік қызметтің еркіндігі мен нормалары әлі де шашыраңқы. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарындағы қаптаған заңсыздықтардың орын алуы соның салдары.

Қазақстан Республикасының БАҚ кодексінің бірінші тармағында «Журналист өзінің қызметінде сөз бен ақпарат бостандығы, ішкі саяси тұрақтылықты, конфессияаралық, этносаралық келісімді сақтау, ұлттық ақпараттық қауіпсіздік пен қоғамдық адамгершілік ахуал мүддесі үшін қызмет жасайды» деп бекіткен. Алайда оның қалай жұмыс істеуі – заң тұрғысынан емес, әр елдің, әр басылымның, қала берді әр журналистің моральдық ұстанымына байланысты болуы кең етек алуда. Жалған ақпарат таратпау, аудиторияны алдамау, тек қана сенімді дерек көздерінен ақпарат алу, көз жетпеген ақпарды сенсация қуып жарияламау, біреуге жала жаппау, әркімнің жеке басына қол сұқпау журналиске тыйым салынған дүниелер. Бірақ заң тек қағаз жүзінде іске асып жатқаны

бәрімізге мәлім. Соның бір мысалы ретінде биылғы жылы орын алған Жамбыл облысындағы әскери бөлімде болған жарылыс оқиғасы. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кейбірі «жалған ақпарат тарату» дерегі бойынша жауапқа тартылды. Ал керісінше ақпарат ізденісімен келген Алматыдағы Алатау ауданы әкімдігінен күштеп шығарылған «Хабар 24» телеарнасының журналисі Ақбөпе Тәңірбергеннің әкімдікпен сұхбатқа алдын ала келісіп тұрып ғимаратқа кіре алмағаны, кейін оны күзетшінің көтеріп алып, шығарып жібергені елді елең еткізіп, журналистердің құқығының қорғалмайтындығының айқын көрінісі болды.

Журналистика саласының мамандары қазірде саяси өкілдіктің баспа құралы болып кетті. Кейде бұл жағдай Кеңестік кезеңдегі журналистерді еске салады, себебі авторитарлы режимдерде солай болуы әдеттегі жағдай болған. Осы жайлы отандық журналист Қасым Аманжол былай деп пікір қалдырған:

«...Тағы бір мәселе, журналистика – қоғамның айнасы. Егер қоғам ашық болса, саяси жүйе ауыспалы, бәсекешіл болса, журналистиканың да бәйгесі көз алдыңызда өтеді. Ал саяси жүйе бұқпантайлаған, көлеңкелі, жең ұшынан жалғасқан клептократиялық болса, журналистикаңыз да соған сай, қарғылы төбетке айналады. Яғни «сұраған сен ақымақ па, сұратқан хан ақымақ па?» деп қаңбақтың Жиреншеге айтатынындай, журналист қызметінің еркін болмауы – сол елдегі саяси жүйеге тікелей байланысты... » деп саясаттың журналист қызметінің еркіндігіне әсерін ашық жазды.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.